№ 29 «Ай-Керім» балабақшасы

# «Бәйтерек» 4-5 жас ересек тобы
# Ата-аналар жиналысы
# ЖОСПАРЫ

Тәрбиешілері: Сабденова Г.К
Тәжиева Г.О

Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner

**Тақырыбы:** Отбасы- тәрбиенің ұясы

**Мақсаты:** Бала тәрбиесіндегі ата- ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру; Отбасы мүшелінің арсындағы бауырмалдық, қайырымдылық,достық қарым- қатынасты қалыптастыру;

**Түрі:** топтастыру

**Көрнекілігі:** карточка,дөңгелектер, нақыл сөздер,«кірпіш тапсырмасы бар; қағаз қалам.

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата аналар, қонақтар!Бүгінгі жиналысты ерекше өткізгім келіп тұр.

Тренинг: Ата аналар ортаға дөңгеленіп тұрып, бүгінгі кездесуден не күтетіні айтады.Содан кейін ата аналар топқа бөлінеді.

Ата- ананың басты қуанышы- бала.

Ата- ананың басты- қазығы, алтын тіреу діңгегі- бала. Отбасы тұлғаны дамытатын кішігірім орта.Отбасының қоғамдағы мақсаты; баланы дамытып қана қоймай, оны өмірге дайындап, рухани жағынан жеткізіп, тұлға ретінде қалыптастыру. Отбасында баланың жан -жақты қалыптасуына ата- ана мен отбасы мүшелерінің қарым қатынасында махаббат, сүйіспеншілік, адамгершілік, қайырымдылық, әділдік, ұйымшылдық, мәдениеттік қасиеттері және т.б келбетін сақтайтын тұлға тәрбиелеуге керек екендігі бәрімізге аян.Мына жасампаз ғасырда, жаһандану дәуірінде мектеп партасында отырған баланың жан- жақты білім алуына ең бірінші ықпал ететін- ұстаз болса, оның сүйеніші ата- ана. Сондықтан ата -ана өз баласының білім алуына барынша жағдай жасау тиіс. Бала тәуліктің бір бөлігінде , яғни 6 сағат мектепте болса, 18 сағат өз отбасында тәрбие алады.

**«Балаңызға деген сүйіспеншілік деген» ойыны өткізіледі.**

Баланың жан дүниесі – Бұл толып тұрған ыдыс сияқты. Өз балаңыздың қандай болғанын қалайсыз? Қандай қабілеттері болғанын және сіз өзіңізден қандай қасиетті алғанын қалайсыз? Әркайсыларыңыздың қолдарыңызда жүрек бар. Сол жүректің ішіне өздеріңіздің ойларыңызды жазып, осы ыдыстың ішіне салып қойыңыздар және де жазған сөздеріңізді айтып шығуларыңыз керек. Қорыта айтқанда ата ананың махаббаты, сүйіспеншілігі бала үшін бақыт, Осы сезімдеріңіз арқылы баланың өз орнын таба білуге үйретесіздер.

1. Бала жақсы білімді болу үшін ата-аналардың міндеті қандай болу керек?
2. Баланың оқу үлгеріміне отбасының қарым — қатынасы әсерін тигізе ме?

Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner

3. Сіз жұмыстан ашулы келдіңіз, балаңыз компьютер алдында отыр, үйдің іші жиналмаған, тамақ істелмеген, сіздің айтып кеткен тапсырмаңыз орындалмаған сіздің әрекетіңіз?

**Ата-анаға берілетін кеңес:**

1. Балаға балабақша, тәрбиеші туралы көбірек мағлұмат беріп, дайындық жұмысын алдын ала жүргізіңіз.
2. Балаңызды өзіне-өзі қызмет етуге дайындаңыз.
3. Жанұяда бала тәрбиесіне бірдей талап қоя біліңіздер.
4. Балаға уәде бергеннен кейін орындауға тырысыңыз, орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда дұрыс түсінік беріңіз.
5. Баланың өз бетімен әрекет жасауына мүмкіндік беріңіз (бермеген жағдайда бала өмір бойы бір істі өздігінен істей алмайтын, жалтақ, өзіне сенбейтін болып өседі).
6. Балаңызға сүйіспеншілікпен қараңыз. Бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе, ол бұл әлемнен махаббат табуды үйренеді.

**"Жақсы тәрбиеші, үлгілі ата-ана бола аламыз ба?"**
деген сауал төңірегінде бір сәтте болсын, ойланып көрдік пе екен?
Олай болса, келіңіз, бірігіп табуға тырысалық. Төмендегі сұрақтарға **"Иә"**, **"Кейде"** немесе **"Жоқ"** деген жауаптардың біреуін беру арқылы өзіңізді тексеруден өткізуіңізге болады.

**1)** Балалар тәрбиесі туралы газет-журнал беттерінде жарияланған мақалаларды, немесе теле-радио хабарларын көріп, тыңдап отырасыз ба? Осы тақырыптағы кітаптарды оқисыз ба?

**2)** Балаңыз бір оғаш нәрсе істеп қойды делік. Сіз мұндай жағдайдың өз тәрбиеңіздің нәтижесі екендігі жөнінде ойланып көрдіңіз бе?

**3)** Балалар тәрбиесінде қасыңыздағы қосағыңыздың пікірімен үнемі санасып отырасыз ба?

**4)** Егер балаңыз сізге жәрдем берсе, осы кезде оның өз жұмысы бұдан кедергіге ұшырап немесе мүлдем тоқтап қалуы мүмкін екендігіне қарамастан қабылдар ма едіңіз?

**5)** Бұйыру немесе тыйым салу сияқты шараларды сіз тек қажет кезінде қолданасыз ба?

**6)** Жүйелік, реттілік – педагогиканың маңызды принциптерінің бірі деп санайсыз ба?

**7)** Балаға оның айналасындағылардың үлкен әсер ететіндігін сезінесіз бе?

**8)** Спорт пен дене шынықтыру баланың жан-жақты, үйлесімді дамуында маңызы зор екенін ескеріп отырасыз ба?

Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner

**“Жақсы тәрбиеші, үлгілі ата-ана бола аламыз ба?”** деген сауал төңірегінде бір сәтте болсын, ойланып көрдік пе екен? Олай болса, келіңіз, бірігіп табуға тырысалық. Төмендегі сұрақтарға **“Иә”, “Кейде”** немесе **“Жоқ”** деген жауаптардың біреуін беру арқылы өзіңізді тексеруден өткізуіңізге болады.

| № | Сұрақтар | ИӘ | КЕЙДЕ | ЖОҚ |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Балалар тәрбиесі туралы газет-журнал беттерінде жарияланған мақалаларды, немесе теле-радио хабарларын көріп, тыңдап отырасыз ба? Осы тақырыптағы кітаптарды оқисыз ба? | | | |
| 2 | Балаңыз бір оғаш нәрсе істеп қойды делік. Сіз мұндай жағдайдың өз тәрбиеңіздің нәтижесі екендігі жөнінде ойланып көрдіңіз бе? | | | |
| 3 | Балалар тәрбиесінде қасыңыздағы қосағыңыздың пікірімен үнемі санасып отырасыз ба? | | | |
| 4 | Егер балаңыз сізге жәрдем берсе, осы кезде оның өз жұмысы бұдан кедергіге ұшырап немесе мүлдем тоқтап қалуы мүмкін екендігіне қарамастан қабылдар ма едіңіз? | | | |
| 5 | Бұйыру немесе тыйым салу сияқты шараларды сіз тек қажет кезінде қолданасыз ба? | | | |
| 6 | Жүйелік, реттілік – педагогиканың маңызды принциптерінің бірі деп санайсыз ба? | | | |
| 7 | Балаға оның айналасындағылардың үлкен әсер ететіндігін сезінесіз бе? | | | |
| 8 | Спорт пен дене шынықтыру баланың жан-жақты, үйлесімді дамуында маңызы зор екенін ескеріп отырасыз ба? | | | |
| 9 | Сіз балаңыздан бір нәрсені орындау жөнінде талап тұрғысынан емес, өтініп сұрап көрдіңіз бе? | | | |
| 10 | “Менің уақытым жоқ” немесе “тоқтай тұр, әуелі жұмысымды бітіріп алайын” – деген тәрізді сылтаулармен балаңыздан “құтылуға тырысу” сізге ыңғайсыздық туғызбай ма? | | | |

Әрбір мақұлдау жауаптарыңыз үшін – **2 ұпай**
Ал кей кезде орындалатын болса – **1 ұпай**
Ал қарсы болсаңыз – **0 ұпайдан** қойып отырыңыз.

Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner

Әкімбай Арнур

**“Жақсы тәрбиеші, үлгілі ата-ана бола аламыз ба?”**
деген сауал төңірегінде бір сәтте болсын, ойланып көрдік пе екен?
Олай болса, келіңіз, бірігіп табуға тырысалық. Төмендегі сұрақтарға **“Иә”, “Кейде”** немесе **“Жоқ”** деген жауаптардың біреуін беру арқылы өзіңізді тексеруден өткізуіңізге болады.

| № | Сұрақтар | ИӘ | КЕЙДЕ | ЖОҚ |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Балалар тәрбиесі туралы газет-журнал беттерінде жарияланған мақалаларды, немесе теле-радио хабарларын көріп, тыңдап отырасыз ба? Осы тақырыптағы кітаптарды оқисыз ба? | | | ✓ |
| 2 | Балаңыз бір оғаш нәрсе істеп қойды делік. Сіз мұндай жағдайдың өз тәрбиеңіздің нәтижесі екендігі жөнінде ойланып көрдіңіз бе? | ✓ | | |
| 3 | Балалар тәрбиесінде қасыңыздағы қосағыңыздың пікірімен үнемі санасып отырасыз ба? | ✓ | | |
| 4 | Егер балаңыз сізге жәрдем берсе, осы кезде оның өз жұмысы бұдан кедергіге ұшырап немесе мүлдем тоқтап қалуы мүмкін екендігіне қарамастан қабылдар ма едіңіз? | ✓ | | |
| 5 | Бұйыру немесе тыйым салу сияқты шараларды сіз тек қажет кезінде қолданасыз ба? | ✓ | | |
| 6 | Жүйелік, реттілік – педагогиканың маңызды принциптерінің бірі деп санайсыз ба? | ✓ | | |
| 7 | Балаға оның айналасындағылардың үлкен әсер ететіндігін сезінесіз бе? | | | ✓ |
| 8 | Спорт пен дене шынықтыру баланың жан-жақты, үйлесімді дамуында маңызы зор екенін ескеріп отырасыз ба? | | ✓ | |
| 9 | Сіз балаңыздан бір нәрсені орындау жөнінде талап тұрғысынан емес, өтініп сұрап көрдіңіз бе? | | ✓ | |
| 10 | “Менің уақытым жоқ” немесе “тоқтай тұр, әуелі жұмысымды бітіріп алайын” – деген тәрізді сылтаулармен балаңыздан “құтылуға тырысу” сізге ыңғайсыздық туғызбай ма? | ✓ | | |

Әрбір мақұлдау жауаптарыңыз үшін – **2 ұпай**
Ал кей кезде орындалатын болса – **1 ұпай**
Ал қарсы болсаңыз – **0 ұпайдан** қойып отырыңыз.

Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner

11-06

**№29 « Ай –Керім» бөбекжай –бақшасы МКҚК**

**2022-2023 оқу жылына арналған «Бәйтерек» ересек тобының ата –аналар жиналысының хаттамалары дәптері**

**Тәрбиешілері: Сабденова Г.Қ**

**Тәжиева Г.О**

Шымкент қ.

Scanned by TapScanner

Scanned by TapScanner

№29 „Ай-Керім" бөбекжай-балабақшасы МК

„Бәйтерек" ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

## Хаттама №1.

Қатысқаны: 12

Қатыспағаны: 13

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.
2. Баяндама „Отбасы - тәрбиенің ұясы"
3. Ата-аналар комитетін және мүшелерін сайлау.
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бала бақша әдіскері Г. Мырзашева топтағы ата-аналарды бір бірімен санымен қатар топ тәрбиешілерімен Г.О. Тажиева, Г.Қ. Сабденовамен таныстырды. Ендігі кезекте ұйымдастырылған іс-әрекетте тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Г.О. Тажиева „Отбасы-тәрбиенің ұясы" тақырыбында баяндама оқыды. Жарыссөзге шыққан ата-аналар Сыдық Гүлдана баяндама мазмұнына дұрыс ой түйгендігін сөзге тиек етті.

Тәрбиеші Г.К. Сабденова „Балаңызға деген сүйіспеншілік" ойынын өткізді. Әр ата-ана баласының өскенде кім болатынын өз қалаулары бойынша жүрекшеге жазып сиқырлы қорапшаға салды.

Осыдан кейін ата-аналардан „Жақсы тәрбиеші үшін ата-ана бола аласыз ба" деген сауалнама жүргізілді.

Келесі үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстырып ата-аналар комитетінің төрағасы мен оның мүшелерін сайлауды ұсынды.

Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрағасы Пакенбаева Айгерим Кенжебековна тағайындалды, ал кеңеске көмекші болып Ерсаинова Жансая Шаймерденқызы мен Жарқынбекова Жания Саятовна тағайындалды.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.О. Тажиева балабақшадағы тамақ төлемақысының көтерілгені жайлы тағы да ата-аналардың есіне сала кетті.

Тәрбиеші Г.К. Сабденова әр балаға жеке мінездеме бере кетті. Ата-аналар балаларының қызықтарына мән бөліп үйдегі қызықтары жайлы әңгіме етті. Осы сәтте тәрбиеші Г.О. Тажиева ата-аналарға кеңес бере кетті.

Балаларды өздеріне қызмет етуге үйрету керектігін, яғни өздері киініп, өздері тамақ ішу керектігін айтып өтті.

Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындасын.

2. Баяндама оқылды.

3. Ата-аналар комитетінің төрайымы Тажибаева Айгерім Кенжебековна болсын.

4. Қандай жағдайда тәрбиеші мен ата-ана тығыз байланыста бол

Төрайымы: Тажибаева А.К.

Көмекшілері: Ерсайынова Ж.Ш

Жарқынбекова Ж.С.

Хатшы: Тажиева Г.О.

10.10.2022 ж.

Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner